

Қазақстан Республикасында шақырылатын және шақыруға дейінгі жастарды қарулы күштерде қызмет атқаруға даярлау, спорттың техникалық және әскери-қолданбалы түрлерін дамыту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 7 маусым N 479. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.06.20. N 998 қаулысымен. ~P970998

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, спорттың техникалық және әскери-қолданбалы түрлерін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

шақырылатындар және әскери міндеттілер қатарынан Қарулы Күштерге әскери-техникалық мамандар даярлау мен қайта даярлау, сондай-ақ жастарды әскери оқу орындарына түсуге бастапқы даярлау үшін ӘАФКЕҚ-ның спорттық-техникалық клубтарының, оқу және авиация ұйымдарының мүмкіндіктерін кеңінен пайдалансын;

Қазақстан Республикасының ӘАФКЕҚ Орталық комитетімен келісе отырып ӘАФКЕҚ-ның оқу орындарында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін даярланатын мамандықтардың тізбесін бекітсін;

жыл сайын Қазақстан Республикасының Шекара, Ішкі әскерлеріне, сондай-ақ үкіметтік байланыс әскерлері мен Республика ұланына әскери-техникалық мамандар даярлау жөніндегі қажеттілікті анықтасын;

ӘАФКЕҚ-ның оқу ұйымдарында даярлануға тиісті шақырылушылардың санын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді;

ӘАФКЕҚ-ның оқу және авиация ұйымдарын жабдықтау табельдері мен нормаларына сәйкес қару-жарақпен, арнаулы техникамен, оның босалқы бөлшектерімен, автомобильдермен, оқытудың техникалық құралдарымен және мүлікпен жасақтайтын болсын. ӘАФКЕҚ-ның шаруашылық есептегі ұйымдарына аталған мүлік пен техника төлемақы алып беріледі;

Қазақстан Республикасының білім министрлігімен және ӘАФКЕҚ Орталық комитетімен бірлесіп әскери-техникалық мамандар даярлау мен қайта даярлау, ӘАФКЕҚ-ның оқу және авиация ұйымдарының басшы және оқушы құрамының біліктілігін көтеру бағдарламасын қайта қарап, оны Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің бекітуіне енгізсін.

2. КСРО Қорғаныс министрлігі бұрын одан әрі қызмет өткеру үшін ӘАФКЕҚ-ға іссапарға жіберген КСРО Қарулы Күштерінің офицерлер құрамы ӘАФКЕҚ-ға уақытша іссапарға жіберілген, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің кадрында тұратындар деп саналсын. Бұдан былай офицерлер құрамындағы адамдарды одан әрі қызмет атқару үшін ӘАФКЕҚ жүйесіне іссапарға жіберу Қазақстан Республикасы ӘАФКЕҚ Орталық комитетінің өтінімі бойынша жүргізілетін болсын.

Қазақстан Республикасының ӘАФКЕҚ-ға уақытша іссапарға жіберілген офицерлер құрамын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі барлық үлес түрлерімен қамтамасыз етсін.

3. ӘАФКЕҚ-ға уақытша іссапарға жіберілген Қарулы Күштердің офицерлер құрамындағы адамдары атқаратын Қазақстан Республикасының ӘАФКЕҚ-дағы лауазымдар тізбесі N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

ӘАФКЕҚ-ға уақытша іссапарға жіберілген Қарулы Күштердің офицер құрамындағы адамдары атқаратын ӘАФКЕҚ лауазымдарының тізбесін дүркін-дүркін қайта қарап, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен келісіп отыру Қазақстан Республикасының ӘАФКЕҚ Орталық комитетіне ұсынылсын.

Қазақстан Республикасы ӘАФКЕҚ-ға уақытша іссапарға жіберілген офицер құрамындағы адамдарды қызметке тағайындауды, оларға әскери атақ беруді, сондай-ақ әскери қызметтен босатуды республика ӘАФКЕҚ Орталық комитеті төрағасының ұсынуы бойынша Қорғаныс министрлігі жүргізеді деп белгіленсін.

4. Қарулы Күштер мен халық шаруашылығы үшін ӘАФКЕҚ-да мамандар даярлау шарт негізінде жүзеге асырылсын.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Білім министрлігі, Туризм, дене тәрбиесі және спорт министрлігі, кәсіпорындар мен ұйымдар Қазақстан Республикасының ӘАФКЕҚ Орталық комитетімен бірлесіп спорттың техникалық, әскери-қолданбалы түрлері одан әрі дамытылуын, жастардың әскери-техникалық үйірмелерге кеңінен тартылуын, шақырылатын және шақыруға дейінгі жастар үшін жарыстар өткізілуін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі тиісті министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп ӘАФКЕҚ Орталық комитетінің өтінімі бойынша республикада спорттың техникалық және әскери-қолданбалы түрлерін дамыту үшін қажетті спорт автомобильдерін, мотоциклдерін, карттарын, дельталеттерін, шағын литражды двигательдер, радио аппаратуралар мен спорт техникасының басқа да түрлерін шығаруды қамтамасыз етсін.

7. Жергілікті әкімдер:

Қарулы Күштерге, халық шаруашылығына мамандар даярлау жөніндегі

жұмыста, спорттың техникалық және әскери-қолданбалы түрлерін дамыту ісінде, бірлескен және шағын кәсіпорындар, өндірістік шеберханалар мен басқа да шаруашылық есептегі ұйымдар құруды ӘАФКЕҚ-ның мектептері мен комитеттеріне нақты көмек көрсетсін;

спорттың техникалық және әскери-қолданбалы түрлерінің оқу-материалдық базасын дамыту мен жетілдіру, шақырылатын және шақыруға дейінгі жастардың спорт жарыстарын өткізу үшін жергілікті бюджеттерде қаржы мен материалдық құрал-жабдық бөлінуін көздейтін болсын;

ауыл шаруашылығы басқармалары мен автомобиль көлігі өндірістік бірлестіктері арқылы ӘАФКЕҚ ұйымдарының оқу және спорттық мототехниканың босалқы бөлшектерге деген өтінімдері орындалуын қамтамасыз етуді көздеп отырсын;

ӘАФКЕҚ оқу ұйымдарында оқитын селолық жерлерден шақырылушыларға жатақханалар бөлуді немесе оларды салуды қамтамасыз етсін;

ӘАФКЕҚ ұйымдарының оқу техникасын шақырылушыларды оқытумен және халық шаруашылығына мамандар даярлаумен байланысты емес жұмыстарға қатыстыру мен пайдалануға жол бермейтін болсын;

әскери-патриоттық клубтардың сабақ өткізуі үшін спорт залдарын, ғимараттары мен үй-жайларын тегін бөліп отырсын.

8. Экономика министрлігі, "Қазконтракт" республикалық контракт корпорациясы, "Қазмұнайөнім" мемлекеттік концерн Қарулы Күштер мен халық шаруашылығына мамандар даярлау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстардың белгіленген тәртіппен ӘАФКЕҚ ұйымдарына бөлінуін көздеп отырсын.

9. ӘАФКЕҚ курстарында тиісті даярлықтан өткен адамдарға, оның ішінде ұшу аппараттары мен авиация техникаларын басқаруға, бұл аппараттарға күтім жасауға даярланған адамдарға белгіленген үлгідегі анықтамалар мен куәліктерді беру құқын беру туралы ӘАФКЕҚ Орталық комитетінің ұсынысы құпталсын.

10. Министрліктерге, ведомстволарға, қауымдастықтарға, бірлестіктерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға меншік нысандарына қарамастан, халықты жұмыспен қамту орталықтарына N 2 қосымшаға сәйкес бұқаралық техникалық кәсіп кадрларын даярлау үшін ӘАФКЕҚ-ның мүмкіндіктерін кеңінен пайдалану ұсынылсын.

11. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Білім

министрлігі, Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі, Жастар ісі жөніндегі мемлекеттік комитеті ӘАФКЕҚ Орталық комитетімен және басқа қоғамдық ұйымдармен, шығармашылық одақтармен бірлесіп

халыққа патриоттық тәрбие беру, жастарды әскери істің негіздерімен таныстыру жөніндегі жұмысты күшейтіп, қорғаныс қоғамының қызметін кеңінен насихаттайтын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 7 маусымдағы

N 479 қаулысына

N 1 қосымша

ӘАФКЕҚ-ға уақытша іссапарға жіберілген

Қарулы Күштердің офицерлер құрамдағы
адамдары атқаратын ӘАФКЕҚ-дағы лауазымдар

Тізбесі

(Кесте)

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 7 маусымдағы

N 479 қаулысына

N 2 қосымша

Қазақстан Республикасы ӘАФКЕҚ-ның

аудандық, қалалық комитеттерінде,
спорттық-техникалық клубтарында, оқу ұйымдарында
даярлау үшін рұқсат берілген кәсіптердің

Тізбесі

(Кесте)